



ХҒТАР 10.33.01

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2024-147-2-188-197>

Ғылыми мақала

## Жасанды интеллектіні Арбитражда қолданудың перспективалары

Г.Г. Нурахметова<sup>1</sup>, Ж.С. Сапарбекова<sup>2</sup>, С.Ж. Сулейменова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Әл -Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

<sup>2</sup>Әл -Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

<sup>3</sup>Әл -Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

(E-mail: <sup>1</sup>nurahmetova.74@mail.ru, <sup>2</sup>zhake9344@mail.ru, <sup>3</sup>saule.suleimenova@gmail)

**Аңдатпа.** Мақала Қазақстан Республикасының Арбитражында жасанды интеллект (ЖИ) жүйелерін қолдану мүмкіндіктері мен проблемаларына яғни: сот сараптамасын, аналитикалық-ұйымдастырушылық жұмысты, сот шешімдерін шығаруды, құқық нормаларын түсіндіру мен талдауды және де сот шешімдерінің қабылдануы мен орындалуын бақылауға арналған. Зерттеу барысында Ұлыбританияның, АҚШ-тың және Нидерландының сот жүйелерінде жасанды интеллект жүйелерін қолданудың шетелдік тәжірибесі талданды. Сонымен қатар, сот ісін жүргізуде жасанды интеллекті қолданудың үш негізгі бағыты анықталды. Тәжірибеде жасанды интеллектіні қолданудың негізінде Еуропалық этикалық хартияның сот және құқық қорғау жүйесінің заңнамасынында пайдалану зерттеушілердің болжамы бойынша пайдаланудың жағымды және жағымсыз салдарына алып келетіндігі анықталды. Оған қоса, сот өндірісінде жасанды интеллектіні қолдану сот жүйесінің жұмысын оңтайландыруға, субъективті көзқарастың, сыбайлас жемқорлықтың және орын алуы мүмкін сот қателігінің алдын алуға болатындығы және де тәуекел қажет екендігі айқындалды. Оларға: жасанды интеллектінің этикалық қағидаларын сақтау, жасанды интеллект жүйесімен жасалған сот шешімдерінің жариялылығы мен тексерілетіндігін қамтамасыз ету мүмкін болмайтындығы, олардың заң жүзінде бекітілмейтіндігі және құқық талаптарының, жеке ақпаратты қорғаудың сақталмайтындығы жатқызылады. Қорытындыда Арбитражда жасанды интеллектіні енгізудің теріс әсерін болдырмау бойынша ұсынымдар берілген.

**Түйін сөздер:** жасанды интеллект, сот өндірісі, сот тәжірибесі, арбитраж, автоматтандыру

## Кіріспе

Бүгінгі таңда цифрлық технологиялардың дамуы қазіргі заманғы технологиялардың артықшылықтары мен қолданыстағы заңнамалар арасындағы қайшылықты күшейтуде. Жасанды интеллект ұғымын, сондай – ақ жасанды интеллект пен оңтайлы құқықтық реттеуді қолданудың құқықтық тәуекелдерін зерттеу өзекті болды. Мақалада сот және құқық қорғау қызметінде жасанды интеллект пен үлкен деректерді пайдаланудың озық әдістері талқыланды.

Компьютерлік жүйелердің мәселелерді шешу және адам интеллектісін қажет ететін және кейбір жағдайларда адам әрекетінен асып түсетін тапсырмаларды орындау қабілетінің тез жақсаруы әлемді өзгертеді. Жасанды интеллект (ары қарай ЖИ) технологиялары білімді кеңейтуге, әл-ауқатты арттыруға және адам тәжірибесін байытуға арналған ұрпақтың ең қуатты құралдарын білдіреді.

Мақалада арбитраждағы жасанды интеллектінің қазіргі құқықтық реттелуі зерттеледі. Арбитраждың сот процесінде және заң тәжірибесінде жасанды интеллекті қолданудың ерекшеліктері мен тәуекелдері, сондай-ақ оның заң кәсібіне және жалпы азаматтардың тағдырына әсері қарастырылады.

Сондай-ақ Қазақстанның цифрлық экономикасын дамыту жағдайында заң тәжірибесінде жасанды интеллектіні пайдаланудың маңыздылығы, ерекшеліктері мен перспективалары зерттелді, жасанды интеллект технологияларын әзірлеу мен қолдану саласындағы отандық және шетелдік зерттеушілердің жұмыстары талданды.

Зерттеу жұмысында жасанды интеллектінің құқықтық қатынастар саласына әсер етуінің тиімділігі мен тиімсіздігіне салыстырмалы талдау жүргізілді. Мысалы, кейбір зерттеушілер жасанды интеллект құқық пен заң тәжірибесінде әдеттегі жұмысты жеңілдететінін, оның уақытты үнемдеуге, заң қызметтерін автоматтандыруға оң әсер ететінін дәлелдесе, кейбіреулер жасанды интеллект дұрыс шешім қабылдайтынын, теріс әрекеттер жасайтынын және қоғамға зиян келтіретінін дәлелдейді.

Сондай-ақ жасанды интеллектінің заңгер мамандығына әсер етуінің артықшылықтары мен кемшіліктері, әсіресе осы сала қызметкерлерінің жұмысынан айырылу қаупі қарастырылып отыр. Зерттеу жұмысында шетелдік зерттеулер мен қазақстандық зерттеулердің заң тәжірибесінде жасанды интеллектінің әсері туралы есебінің сандық көрсеткіштері келтіріліп отыр. Қазіргі уақытта онлайн – сервистердің өсуі, жаңа технологияларды енгізу, сот төрелігі сияқты процесстерді автоматтандыру осы саладағы жасанды интеллектінің қарқынды дамуын көрсетуі мүмкін.

Жасанды интеллект технологиясын азаматтық сот ісін жүргізу жүйесіне, соның ішінде арбитражда енгізу шешімдерді адамдар емес, компьютерлер қабылдайтыны қоғамдық алаңдаушылықты тудырып отыр (Серікұлы А.). ЖИ технологияларының қарқынды дамуы салыстырмалы түрде баяу енгізу қарқынына және төрелік соттардың көпшілігінде белгілі бір тәжірибенің болмауы қайшы келеді.

## Материалдар мен әдістер

Бүгінгі таңда Ұлыбританияда ЖИ күдіктілерді кепілге шығару мүмкіндігі туралы шешім шығарылатын болжам жасайды, ал АҚШ-та ЖИ жеке куәлік мәселелерін және қайталану ықтималдығын қарау кезінде қолданылады; істің материалдарын талдайтын және осы негізде сот шешімінің болжамын беретін жүйелер АҚШ-та, Ұлыбританияда ішінара Қытайда, Оңтүстік Кореяда және Жапонияда кеңінен қолданылуда. 2010 жылы Нидерландыда алғашқы жеке онлайн сот құрылды. Австралияның нако федералды сотында Электронды сот құжаттарын енгізу және басқару бойынша үлкен тәжірибе бар және оны eCourtroom-онлайн сот залы қолданады. М. Симажкевичтің пікірінше сот ісін жүргізуде жасанды интеллектіні қолданудың потенциалды мүмкіндігі: «белгілі бір елдің құқық жүйесінің ерекшеліктеріне байланысты, мысалға, континентальды құқық жүйесі қолданылатын елдерде жасанды интеллектіні сот актілерін талдауда қолдану маңызды рөл атқармайды,» (Ермакова Е.П.,2020; 29), - деп атап өткен. Арбитражды сот өндірісі жүйесіне жасанды интеллектіні енгізу бойынша төрт негізгі бағытты бөліп қарастыруға болады: 1) соттың ЖИ кеңесшісін (ақпараттық-аналитикалық қолдау) немесе жасанды интеллектуалды - соттың қатысуымен тікелей электронды сот залының отырысы, не болмаса ЖИ - сарапшының (олардың сыбайлас жемқорлық туралы ақпаратты іздеуге мүмкіндік беретін және басқа да олардың құрылымында олардың орындалуын бақылауға, неғұрлым негізделген шешімдер қабылдауға) құру; 2) құқық нормаларын талдау және түсіндіру жүйелерін құру (құқықтық мәселелерді шешу үшін сот шешімдерін автоматтандырылған зерттеу); 3) құқықтық актілерге сараптама жүргізу үшін ЖИ қолдану; 4) іс жүргізуде ЖИ қолдану.

Бірінші бағыт бойынша сот ісін жүргізуге ЖИ енгізу, ең алдымен, күнделікті жұмыстың жекелеген бағыттарын ЖИ беру арқылы сот аппаратына жүктемені жеңілдетуге бағытталған. Сонымен, К.Фрей мен М.Осборн маманды ЖИ жүйесімен толық ауыстыруға дейін әртүрлі кәсіптерді автоматтандыру мүмкіндіктерін зерттей келе, сот ісін жүргізуге байланысты келесідей мамандарды толық ауыстыру ықтималдығын көрсеткен:

- азаматтық құқықтық істер бойынша соттар – 40%;
- әкімшілік жауаптылық сипаттағы істер бойынша соттар – 64 %;
- сот отырысының хатшылары – 50 %;
- соттың басқа да қызметкерлері – 46 % (К.Фрей, М.Осборн, 2020;28).

Мақала жазу барысында диалектикалық, статистикалық, салыстырмалы – құқықтық, жүйелік-логикалық әдістер қоладынылды. Сонымен қатар, синтез, талдау, дедукция, индукция, дискурсивті талдау, сараптамалық бағалау сияқты таным-әдістері қолданылды.

## Талқылау

Бүгінгі таңда қазіргі заманғы технологиялар Қазақстанның Арбитраж соттар жүйесіне барынша белсенді енгізілуде, атап айтсақ; сот ісін және іс қағаздарын жүргізу процестерін автоматтандыру жүйелерінде, істерді электронды бөлуде, «Арбитраж

істердің картотекасында», «мобильдік картотекада», «Электронды үкімет», ақпараттық сервисте, бейнеконференц – байланыста қолданылады. Келесі кезең әлемдік тенденцияларға сүйене отырып, Арбитраж соттардың қызметінде жасанды интеллект жүйелерін қолдану болады.

Ақпараттық қоғам мен үлкен деректер дәуірінде цифрлық технологиялардың дамуы сотта, сондай-ақ Арбитражда жасанды интеллектіні енгізу перспективасын дәлелдеді. Жасанды интеллект біздің болашағымыз емес, біздің бүгінгіміз екені белгілі болды. Сонымен бірге, инженер – бағдармашылардың нейробиологтармен бірлесе отырып, адам миына құрылымы мен қабілетіне жақын жасанды когнитативтік жүйені құру үшін әлі де ұзақ жұмыс жүргізуі керек, бұл өз кезегінде ғылыми толық зерттелмеген.

Ал Морхаттың пікірінше, осы бағыт бойынша күтілетін оң өзгерістер: «Арбитраж процесінің кейбір кезеңдерін автоматтандыру; азаматтардың Арбитражға қол жеткізуін қамтамасыз ету, (ЖИ өтініш берушілерді ақпараттандыру және қолдау жүйесі ретінде); шешім қабылдау жүйесін автоматтандыру (болашақта)» болады (Морхат, 2019; 61). Соттың функциялары мен өкілеттіктерін орындау үшін оны қолданған кезде жасанды интеллект жүйесі бірқатар зерттеушілердің пікірінше, келесі артықшылықтарға ие болады:

- сыбайлас жемқорлыққа тап болмауы;
- эмоциялардың болмауы;
- заң талаптарын қатаң сақтау қабілеті;
- сот – адамға қарағанда шешім қабылдау кезінде көбірек факторларды ескеруі, ақпаратты тезірек өңдеу мүмкіндігі;
- халыққа қол жетімділікті қамтамасыз ету - үлкен тиімділік;
- әкімшілік қысым көрсету мүмкіндігінің болмауы.

Х. Накад – Вестрат, Э. Джонглоуд сот функцияларын орындау кезінде жасанды интеллект жүйелерін қолданудың келесі артықшылықтарын атап көрсетеді:

- жоғары жұмыс жылдымдығы;
- объективтілік, толық бейтараптық;
- берілген соммаларды есептеу кезінде математикалық қателіктердің болмауы (Nakad – Weststrate, H.J. Herik, A.W. Jongbloed, Abdel-Badeeh M. Salem).

Мысалға, Ұлыбритания Арбитраж соттарында ажырасу кезінде ерлі-зайыптылардың мүлкін бөлу нәтижелерін болжау үшін жасанды интеллектіні пайдаланған. Бұл тәжірибе оң нәтижесін тапты. Осыған орай, Д. Гарсия жасанды интеллект жүйелерін заң тәжірибесінде қолдануға байланысты ескерілуі қажет келесі құқықтық мәселелерді атап өтті: - жеке ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ету; - оларды қолдану мүмкіндігін заңнамалық бекітудің және реттеудің болмауы; - жасанды интеллект жүйесінің этикалық принциптерді сақтауын қамтамасыз ететін тетіктердің болмауы (Garcia D.) Сол сияқты, машиналық оқыту негізінде жұмыс жасайтын адамның ойлауына ұқсас жасанды интеллект жүйелері сот ісін жүргізу кезінде жариялылық сияқты маңызды қағидаттың сақталмауымен сипатталатынын атап өткен жөн. Егер көптеген шешімдер қабылдауды статистикалық тұрғыдан бағалауға болатын болса, онда жеке шешімді оның логикасының дұрыстығы үшін зерттеу мүмкін емес. Алайда, бұл жағдайда соттың

іс материалдарын зерделеу мүмкіндігі әрқашан өзінде қалады. Осылайша, жасанды интеллект кеңесшісі (сарапшы) сот ретінде қолданған кезде келесідей талаптар сақталуы тиіс:

- әділдік пен парасаттылық қағидаттарын сақтау;
- міндетті түрде жасанды интеллект шешімін әзірлеу және заңнамалық тұрғыдан бекіту мүмкіндігін қарастыру қажет.

Ал жасанды интеллект жүйелерін құруға және сертификаттауға қойылатын талаптар ретінде төмендегілерді қарастыруға болады:

- ЖИ жүйелерін арнайы тізілімде есепке қою міндетін бекіту;
- жасанды интеллект қабылдаған шешімдерге сырттан әсер етуге мүмкіндік бермейтін сенімді қорғаныс жүйесін құру;
- жасанды интеллект осалдығы проблемаларын шешу (техникалық ақаулар және тәуекелділік сыртқы ресурстар).

## Нәтижелер

Арбитраж соттар үшін сот сараптамасында жасанды интеллектіні қолданудың ең перспективалы қолжазба сараптамасы және жалғандық мәніне құжаттарды сараптау болып табылады.

Қазақстандық Арбитраж соттардың сот практикасын талдау барысында қолдың түпнұсқалығын даулайтын істерді қарау кезінде ұсынылған қолтаңбаның белгілі бір тұлғаға тиесілігі немесе тиесілі еместігі туралы қорытынды жасау үшін ОКО-1Бағдарламасы қолданылатынын айғақтайды. Осы бағдарламаны қолдану туралы шешім қабылдау құқығы сарапшыға берілген және нормативті түрде реттелмеген. Біздің ойымызша, ең перспективті бағыт – процессуалдық сипаттағы формальды рәсімдерді сараптау, яғни іс жүргізу мерзімдерін, регламенттерді сақтау, сот шешімдерінің мәтіндерінде қателіктерге жол бермеу. Жасанды интеллектіні сараптамада пайдаланған кезде сот сараптамасында жасанды интеллектінің құқықтық жағдайын заңнамалық бекіту, оны қолдану негіздері және «рұқсат етілген қатені» айқындау туралы мәселелерді шешу және оның аясынан тыс адам – сарапшы тарту қажет. Іс жүргізудегі жасанды интеллект жүйелері сот ісін жүргізудің кез-келген кезеңінде сот аппаратының жұмысын оңтайландыруға көмектеседі. Бүгінгі таңда күнделікті, бірқалыпты, бірақ маңызды жұмыстардың бірі – қағаздарды сұрыптау, істер мен шақыру қағаздарын қалыптастыру, көшірмелерін басып шығару, хат-хабарларды рәсімдеу және жіберу, жаңа құжаттарды тіркеу, іздеу сот қызметкерлерінің мойнына өте ауыр жүк болып табылады. Бүгінгі таңда ғылыми және тәжірибелік қауымдастықтарда сот ісін жүргізуді автоматтандыру идеясын жалғастыру күшейіп келеді. Алайда, жасанды интеллект жүйелерін, соның ішінде адам қызметінің құқықтық салаларында толыққанды іске асыру үшін мұндай интеграцияның ықтимал теріс салдарын қажетті минимумға дейін азайту керек, бұл өз кезегінде қазіргі заң ғылымының алдына жасанды интеллект жүйелерін құқықтық ғана емес, сонымен қатар, технологиялық негіздерін зерттеу міндетін қояды.

## Қорытынды

Ақпараттық технологияларды қолдану қажеттілігі барлық істер үшін бірдей емес. Жасанды интеллектіні қолдану азаматтық және Арбитраж сот процесінде пайдалы және тиімді құрал бола алады. Америка Құрама Штаттарының жекелеген соттарының жасанды интеллектіні қолдану тәжірибесі оң нәтиже беріп, іс жүзінде өзін дәлелдеді.

Жасанды интеллект қазірдің өзінде жеке тұлғаларға, шағымданушыларға және соттарға ақпаратты өңдеуге және жүйелеуге көмектесе алады. Құқықтық ақпарат кітапханасы толықтырылған сайын, жасанды интеллект те жетілдіріліп, оның кеңестері дәлел бола бастайды. Сонымен қатар, азаматтық – құқықтық сипаттағы дауларды қараудың әділ рәсімінің стандарттарын сақтау мақсатында соттар оны дұрыс пайдалану үшін жасанды интеллектінің қалай жұмыс істейтінін түсіну керек. Соттар өз кезегінде өз ақпараттарын цифрландырып, оны жасанды интеллект жүйелерінде қолдануға ыңғайлы ету үшін оған заңды түсініктеме беруі керек. Жоғарыда қарастырылып отырған шет ел тәжірибесін талдай отырып, келесідей тұжырым жасауға болады:

– Жасанды интеллект сот шешімдері бойынша үлкен көлемдегі деректерді автоматты түрде жинауға және талдауға қабілетті. Машиналық оқыту алгоритімдерін пайдалана отырып, жасанды интеллект осы деректердегі негізгі тақырыптарды, трендтерді және үлгілерді анықтайды.

Сондай-ақ жасанды интеллект сот шешіміне әсер ететін ең маңызды факторларды анықтау арқылы түсіндіруге көмектеседі. Жасанды интеллект көмегімен заңгерлерді дайындауға арналған кең көлемді мәліметтер базасын жасауға болады. Шешімдерді қолдау үшін нақты мәселелер бойынша тиісті ақпаратты және талдауды қамтамасыз ету арқылы соттарға көмектесе алады. Дегенмен, барлық артықшылықтарға қарамастан, жасанды интеллект сотты алмастыра алмайды. Сот ісін жүргізуге қатысты барлық шешімдерді адам қабылдауы керек.

Ақпараттық технологиялар Арбитраждың тиімділігі мен жариялылығын арттырады. Басты бағдар – халыққа ыңғайлы және түсінікті, кез-келген уақытта соттармен барынша ыңғайлы байланыс орнатуға мүмкіндік беретін құралдарды жасау.

Қорытындылай келе, жасанды интеллектіні Арбитражға енгізуде келесідей ұсынымдар жасалды:

– адамның негізгі құқықтарын сақтай оытырып, жасанды интеллектіні дұрыс пайдалануды белгілейтін этикалық стандарттар мен нұсқаулықтарды әзірлеу және белгілеу;

– жеке өмірге қол сұғылмаушылық, кемсітпеушілік және ашықтық сияқты салаларда жасанды интеллект пайдалану шеңберін белгілейтін нормативтік құқықтық базаны құру;

– жасанды интеллект жүйелерінде қолданылатын деректер мен алгоритмдерге қатысты жариялылықты арттыру; азаматтардың жеке деректерін бақылау мүмкіндігін кеңейту және оларға осы деректердің қалай пайдаланылатыны туралы ақпарат беру.

**Авторлардың қосқан үлесі.** Мақаланы жазуда **С.Ж. Сулейменова** тақырыпты таңдап, оның өзектілігін қарастырды.

**Г.Г. Нурахметова** мақаланың IMRAD құрылымына сәйкес болуына және мазмұнын жасауға зор үлес қосты. Ж.С. Сапарбекова барлық материалдарды жинақтап, мақаланы ретке келтіріп, баспаға ұсынды.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Garcia D. Preparing for Artificial Intelligence in the Legal Profession. Lexis Practice Advisor Journal. 2017.// <https://www.lexisnexis.com/lexis-practice-advisor/the-journal/b/lpa/archive/2017/06/07/>
2. Ермакова Е.П. Разрешение споров и искусственный интеллект: за и против / Е.П.Ермакова, Е.Е. Фролова; общ.ред. Л.В.Туманова // Перспективы и проблемы развития третейского разбирательства в России: сб.ст. по материалам науч.- практ. конф. С международным участием – 2020.- С.29-36.
3. Frey C.B. The future of employment: how susceptible are jobs to computerization, C.B. Frey, M.A. Osborne. Oxford, UK, University of Oxford, 2013. P. 28.// The future of employment: How susceptible are jobs to computerisation? (free.fr)
4. Морхат П.М. Применение искусственного интеллекта в судебном процессе // Вестник гражданского процесса. 2019. № 3. С. 61–85.
5. Nakad – Weststrate, H.J.Herik, A.W.Jongbloed, Abdel – Badesh M.Salem. The Rise of the Robotic Judge in Modern Court // <https://www.semanticscholar.org/paper/The-Rise-of-the-Robotic-Judge-in-Modern-Court-Jongbloed-Nakad-Weststrate//> Paper Title (use style: paper title) (zuj.edu.jo)
6. Серікұлы А. Как искусственный интеллект меняет юридическую профессию и чем это грозит юристам// <https://forbes.kz>

#### **References**

- 1.Garcia D. Preparing for Artificial Intelligence in the Legal Profession. Lexis Practice Advisor Journal. 2017.// <https://www.lexisnexis.com/lexis-practice-advisor/the-journal/b/lpa/archive/2017/06/07/>
- 2.Ermakova E.P. Razreshenie sporov i iskusstvennyj intellekt: za i protiv / E.P.Ermakova, E.E. Frolova; obshh.red. L.V.Tumanova // Perspektivy i problemy razvitija tretejskogo razbiratel'stva v Rossii: sb.st. po materialam nauch.- prakt. konf. S mezhdunarodnym uchastiem – 2020.- S.29-36.
- 3.Frey C.B. The future of employment: how susceptible are jobs to computerization, C.B. Frey, M.A. Osborne. Oxford, UK, University of Oxford, 2013. P. 28.// The future of employment: How susceptible are jobs to computerisation? (free.fr)
- 4.Morhat P.M. Primenenie iskusstvennogo intellekta v sudebnom processe // Vestnik grazhdanskogo processa. 2019. № 3. S. 61–85.
- 5.Nakad – Weststrate, H.J.Herik, A.W.Jongbloed, Abdel – Badesh M.Salem. The Rise of the Robotic Judge in Modern Court // <https://www.semanticscholar.org/paper/The-Rise-of-the-Robotic-Judge-in-Modern-Court-Jongbloed-Nakad-Weststrate//> Paper Title (use style: paper title) (zuj.edu.jo)
- 6.Serikuly A. Kak iskustvennyj intellekt menjaet juridicheskiju professiju i chem jeto grozit juristam// <https://forbes.kz>

Г.Г. Нурахметова<sup>1</sup>, Ж.С. Сапарбекова<sup>2</sup>, С.Ж. Сулейменова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби

<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби

<sup>3</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби

### Перспективы использования искусственного интеллекта в арбитраже

**Анотация:** статья посвящена возможностям и проблемам применения систем искусственного интеллекта (ИИ) в арбитраже Республики Казахстан, т. е.: в судебной экспертизе, аналитико – организационной работе, вынесении судебных решений, толковании и анализе норм права, а также контролю за принятием и исполнением судебных решений. В ходе исследования был проанализирован зарубежный опыт использования систем искусственного интеллекта в судебных системах Великобритании, США и Нидерландов. Кроме того, определены три основных направления применения искусственного интеллекта в судопроизводстве. На основе применения искусственного интеллекта в практике установлено, что использование Европейской этической хартии в законодательстве судебной и правоохранительной систем приводит, по прогнозам исследователей, к положительным и отрицательным последствиям использования. Кроме того, было определено, что использование искусственного интеллекта в судебном производстве может оптимизировать работу судебной системы, предотвратить субъективное отношение, коррупцию и возможную судебную ошибку, а также необходимый риск. К ним относятся: соблюдение этических принципов искусственного интеллекта, невозможность обеспечения прозрачности и проверяемости судебных решений, составленных системой искусственного интеллекта, их законодательно неутверждение и несоблюдение требований права, защиты личной информации. В заключении даны рекомендации по предотвращению негативного воздействия внедрения искусственного интеллекта в арбитраж.

**Ключевые слова:** искусственный интеллект, Судопроизводство, Судебная практика, Арбитраж, автоматизация

G.G. Nurakhmetova<sup>1</sup>, Zh.S. Saparbekova<sup>2</sup>, S.Zh. Suleimenova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National University named after Al-Farabi

<sup>2</sup>Kazakh National University named after Al-Farabi

<sup>3</sup> Kazakh National University named after Al-Farabi

### Prospects for the use of artificial intelligence in arbitration

**Abstract:** the article is devoted to the possibilities and problems of application of artificial intelligence (AI) systems in the arbitration of the Republic of Kazakhstan, i.e.: in forensic examination, analytical and organizational work, adjudication, interpretation and analysis of law, as well as control over the adoption and execution of court decisions. In the course of the research the foreign experience of using artificial intelligence systems in the judicial systems of Great Britain, the USA and the Netherlands was analyzed. In addition, three main directions of application of artificial intelligence in judicial proceedings



were identified. Based on the application of artificial intelligence in practice, it was determined that the use of the European Charter of Ethics in the legislation of judicial and law enforcement systems leads, as predicted by researchers, to positive and negative consequences of use. In addition, it was determined that the use of artificial intelligence in judicial proceedings can optimize the judicial system, prevent subjective attitudes, corruption and possible miscarriage of justice, and risk is necessary. These include: compliance with the ethical principles of artificial intelligence, the impossibility of ensuring transparency and verifiability of court decisions made by artificial intelligence, their legislative non-approval and non-compliance with the requirements of law, protection of personal information. In conclusion, recommendations are given to prevent the negative impact of the introduction of artificial intelligence in arbitration.

**Keywords:** Artificial Intelligence, Court Proceedings, Judicial Practice, Arbitration, automation.

### **Авторлар туралы мәлімет/ Сведения об авторах/ Information about authors**

**Нурахметова Г.Г.** – ұйымдастырушы автор, заң ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасы меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әл-Фараби көшесі, 71, 050038, Алматы, Қазақстан

**Сапарбекова Ж.С.** – хат-хабар авторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының докторанты, әл-Фараби көшесі, 71, 050038, Алматы, Қазақстан

**Сулейменова С.Ж.** – жоба жетекшісі, заң ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.д., профессор, әл-Фараби көшесі, 71, 050038, Алматы, Қазақстан

**Нурахметова Г.Г.** – автор организатор, кандидат юридических наук, доцент, зам. заведующей по учебной, методической и воспитательной работе кафедрой гражданского права, гражданского процесса и трудового права КазНУ имени аль – Фараби, улица аль –Фараби ,71, 050038, Алматы, Казахстан.

**Сапарбекова Ж.С.** – автор – корреспондент автор, докторант кафедры гражданского права, гражданского процесса и трудового права КазНУ имени аль – Фараби, улица аль –Фараби ,71, 050038, Алматы, Казахстан.

**Сулейменова С.Ж.** – организатор проекта, доктор юридических наук, профессор, заведующая кафедрой гражданского права, гражданского процесса и трудового права КазНУ имени аль – Фараби, улица аль –Фараби ,71, 050038, Алматы, Казахстан.

**Nurakhmetova G.G.** – author organizer, Candidate of Law, Associate Professor, deputy Head of the Department of Civil Law, Civil Procedure and Labor Law on educational, methodological and educational work of the Kazakh National University named after Al-Farabi, Al-Farabi Street, 71, 050038, Almaty, Kazakhstan.

**Saparbekova Zh.S.** – correspondent author, doctoral student of the Department of Civil Law, Civil Procedure and Labor Law of KazNU named after Al-Farabi, Al-Farabi Street, 71, 050038, Almaty, Kazakhstan.

**Suleimenova S.Zh.** – project organizer, Doctor of Law, Professor, head of the Department of Civil Law, Civil Process and Labor Law of Al-Farabi KazNU, Al-Farabi Street, 71, 050038, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons

Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).